

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған  
**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
7 сәуір 2016ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»**,  
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета  
7 апреля 2016г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific-practical conference  
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**  
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty  
7 April, 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы \_ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. \_ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 \_ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 \_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**  
**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

мен суын, ну орманы мен жолын зерттеуіне аса назар аударғанымыз жөн. Осы арқылы ұрпағымызды мақтан тұтарлық азамат етіп тәрбиелеудің бір бағыты ретінде, туризм саласының үлесі де бар.

### **Әдебиеттер**

- 1 Қазанбаева З. Ғибадатты ғұмыр. Мақала мен естеліктер. – Астана: Фолиант, 2008. - 288 б.
- 2 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің электрондық ресурсы: <http://stat.gov.kz>
- 3 Төрөгелдин М. Мәңгілік мұра. – Қарағанды, 1998. – 192 б.
- 4 Ахметов Қ. Ұлытау. - Астана: Фолиант, 2006.- 333 б.
- 5 Маргулан А.Х. Сочинения. Петроглифы. Гравюры с изображением волчьего тотема. Каменные изваяния. - Алматы: Атамура, 2003. - 46 с.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ МӘСЕЛЕСІ**

*Женсхан Д., Акишева Е.К.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,  
Қазақстан Республикасы  
e-mail: [azan\\_tanat@mail.ru](mailto:azan_tanat@mail.ru)

Бүгінгі күні Қазақстанның экономикалық дамуындағы басты мақсаты — әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Соңғы жылдардағы әлем экономикасының қарқынды дамуының шыңына жеткен ХХІ ғасырда даму, алға жылжу қай ел үшін де маңызды. Соның ішінде Қазақстан секілді жас мемлекет үшін бұл мақсатқа қол жеткізу ерекше маңызға ие. Сондықтан, ұлттық экономиканы қарқынды дамытудың негізгі тетігі — экономикамызды әртараптандыру, және қызмет көрсету нарығын дамыту болып табылмақ. Әлемдік тәжірибе анықтап отырғандай, қазіргі кездегі шикізат өнімдеріне бағаның күрт төмендеуі қызмет көрсету нарығының, оның ішінде туризм саласының ұттық экономикадағы маңызын жоғары екендігін анықтап отыр.

2015 жылдың 20 мамырында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» жоспарын ұсынды. Жоспардың негізгі мақсаты қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негізделген. Демек, осыдан кейінгі кезеңдерде ҚР экономикалық дамуында шикізат секторы емес, қызмет көрсету саласы, оның ішінде туризм саласының маңызы жоғары болмақ. «100 нақты қадам» жоспарында Мемлекет басшысының біртектілік пен бірлікке қатысты нақтылы тапсырмаларының ішінде 86-қадам туризм саласының нақты даму бағытын көрсетеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» атты жобасын әзірлеу мен оны жүзеге асыру бойынша республикамыздың бірнеше аймақтарында ірі туристік кластерлерді құру туризмді дамытудың нақты

жоспарын көрсетеді [1]. Бұл жоспардың орындалуы қазақстандықтардың біртектілігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай туғызады. Республикамыздың түрлі аймақтарында құрылатын туристік кластерлер Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын (ішкі туризмді дамытуды қоса есептегенде) және «Астана – Еуразия жүрегі», «Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер», «Алтай інжулері», «Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту», «Каспий қақпасы» өңірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асыру болып табылмақ.

Қазақстан Республикасы туризм саласын дамыту мақсатындағы тағы бір маңызды құжат 2014 жылы мамыр айында қабылданған «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы». Бұл Қазақстанның туризм саласына деген инвестициялық әлеуетті арттыру мақсатындағы ең негізгі құжат. 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасында туризм индустриясын дамытуға негізделген бұл құжаттың негізгі мақсаты мыналар болып табылады:

– Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін арттыру және туристік саланың мемлекет экономикасына үлесінің артуы;

– Қазақстан Республикасындағы туризм индустриясының едәуір арту әлеуетін ескере отырып, экономикалық өсу мен инвестицияларды ынталандыру;

– туризм индустриясы мен экономиканың сабақтас салаларында жұмыс орындарын құру, жалпы ішкі өнім мен экспорттың өсімі;

– кәсіпкерлікті, оның ішінде экономиканың ілеспес салаларында ШОБ-ты және ауылдық аудандарды қоса алғанда, жалпы республика және өңірлер бойынша адами әлеуетті дамыту;

– «жасыл экономика» қағидаттарын ескере отырып, қазақстандық қоғамның ауқымды әлеуметтік-экономикалық жаңғыруына ықпал ету болып табылады.

2020 жылға дейін Қазақстан Республикасында туризм индустриясын дамытудың негізі *мақсаттары*:

1) қажетті инновациялық, тиімді инфрақұрылым құру;

2) жаңа туристік «тәжірибелердің» жүйесін жасау және жергілікті және шетелдік туристерге арналған халықаралық бәсекеге қабілетті өнімдер мен қызметтер әзірлеу;

3) экологиялық туризмді және экологиялық ағартуды, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда дамыту;

4) туризм саласын басқару мен реттеудің кәсіби жүйесін жасау;

5) Қазақстанға және ел ішінде қолжетімділікті ұсыну болып табылады.

2020 жылға дейін Қазақстан Республикасындағы туризм индустриясын дамытудың негізгі *міндеттері* мыналар болып табылады:

1) мемлекет экономикасына туристік саланың үлесін арттыру;

2) Қазақстан Республикасында туризм индустриясы өсуінің едәуір әлеуетін ескере отырып, экономикалық өсу мен инвестицияларды ынталандыру;

3) туризм индустриясы мен экономиканың ілеспе салаларында жұмыс орындарын құру;


4) кәсіпкерлікті, оның ішінде экономиканың аралас салаларында ШОБ-ты және ауылдық аудандарды қоса алғанда, жалпы ел және өңірлер бойынша адами әлеуетті дамыту [2].

Жалпы алғанда бұл тұжырымдама инфрақұрылым құру және жетілдіру, туристік бағыт ретінде оның тартымдылығын жоғарылату мақсатында Қазақстанның тартымдылығын қалыптастыру, оның имиджін нығайту жолымен туризм индустриясын тұрақты дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, тұжырымдама Қазақстан Республикасының туризмін дамыту үшін, Ақмола облысының Бурабай курорттық аймағын, Алматы қаласы маңындағы тау шаңғысы аймағын, Кендірлі демалыс аймағын дамытудың жүйелі жоспарларына, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытудың кластерлік бағдарламасының мастер-жоспарына сәйкес ұлттық деңгейде іске асыруға ұсынылатын ірі жобалар тізбесі қалыптасқан. Демек, мұндай ауқымды жобаларды іске асыру ірі көлемдегі инвестицияны қажет етеді. Жоғарыда атап кеткендей, ендігі кезде елдің шикізаттық емес өндірісін дамыту, туризм саласын дамыту секілді сұрақтар өткір мәселеге айналды. Осы орайда мемлекеттің негізгі міндетінің бірі – экономиканың басымдық берілетін салаларына қызмет көрсету және тауар өндірісін жедел дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған инвестицияларды тарту.

Туризм саласы дамыған Франция, АҚШ, Қытай, Түркия, Ұлыбритания т.б. мемлекеттердің тәжірибесін ескерсек, Қазақстан үшін де туризм саласына инвестициялық тартымдылықты нығайту маңызды деп есептейміз. Себебі Қазақстанның көзартар көрікті табиғи ландшафтысы, географиялық орналасу ерекшелігі, тарихи-мәдени мұрасы, мемлекеттегі және демалыс орнындағы қауіпсіздік секілді артықшылықтарды тиімді пайдалану, сол арқылы туризм саласын – ұлттық экономикадағы бизнестің ең табысты көзіне айналдыру мемлекеттік деңгейдегі мақсаттардың бірі [3]. Дегенмен қазіргі кездегі еліміздегі транспорттық, әлеуметтік, ақпараттық инфрақұрылымдардың жеткілікті дамымауы, қызмет көрсету сапасының баға сәйкес болмауы, туризм индустриясында жұмыс істейтін кадрларды дайындау, қайта дайындау мен біліктілігін жоғарылату бойынша мәселелерді бар екендігін атап өткен дұрыс.

1-суретте 2003-2014 жылдар аралығындағы пайдалану бағыты бойынша жалпы инвестициялар ішіндегі туризм саласының екі бағыты: тұру және тамақтану бойынша қызметтер мен өнер, ойын-сауық және демалыс қызметтеріне бағытталған инвестициялардың көлемі көрсетілген. Онда өндірістік инфрақұрылымдарға жұмсалған инвестиция әлеуметтік инфрақұрылым салаларына қарағанда көбірек [4]. Мысалы: 2014 жылды деректерді ескеретін болсақ, тұру және тамақтану бойынша қызметтер – 2013 жылмен салыстырғанда 30,8% өскен; ал өнер, ойын-сауық және демалыс қызметтері сәйкес кезеңдерге 11,4 % өскен. 2013 жылды 2012 жылмен

салыстырсақ қызметтің екі бағыты бойынша да 15,2 % және 7,1 % төмендеген. Демек, осыдан қорытынды жасайтын болсақ туриздегі даму мен оны инвестициялау тұрақты емес. 2014 жылғы деректер бойынша пайдалану бағыты бойынша жалпы инвестициялардың туризм саласына салынған инвестициялар тек 2,47% құрайды. Оның ішінде тұру және тамақтану бойынша қызметтер – 0,75%; ал өнер, ойын-сауық және демалыс қызметтері - 1,72% құрайды. 2007 жылдан кейінгі кезеңдерде өнер, тұру және тамақтану бойынша қызметтерге қарағанда ойын-сауық және демалыс бағытында жұмсалған инвестициялардың ерекше қарқынмен өскенін көреміз.



Сурет -1 Туризм саласы бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. тг.

Салалар мен аялар бойынша қалыптасатын сәйкессіздік күрделі қаржы жұмсалымын мүлде тепе-тең емес өңірлік бөлуге орай өңірлердің экономикалық даму деңгейіндегі теңсіздіктермен де байланысты. Мәселен, Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері бойынша Алматы, Астана, Каспий маңы және бірқатар тау-кен өндіруші өнеркәсібінің кәсіпорындары шоғырланған өңірлердің (Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының) үлестеріне елдің барлық инвестициялық салымдарының шамамен 60%-ы тиесілі. Жалпы алғанда бұл өңірлерде шетелдік инвесторлардың үлестік қатысатын немесе толығымен шетелдік инвесторларға тиесілі барлық кәсіпорындардың 80%-дан астамы жұмыс істейді. Дегенмен, әлемдік қаржы дағдарысын еңсеру мақсатында жағдайында БҰҰ және Дүниежүзілік банкі сарапшыларының пікірінше Қазақстан бүгінде әлемнің шетелдік инвестициялар үшін мейлінше тартымды елдерінің қатарына кіреді. Осы жағдайларды негізге ала отырып, болашақ

кезеңдерде туризм саласын дамытуға бағытталған инвестициялық саясатты нығайту керек.

Қорытындылай келе туризм саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру және саланы дамыту жағдайын қамтамасыз ету үшін экономиканың басым секторларының бірі ретінде қазақстандық туризмді әлемдік туристік нарыққа ықпалдастыру үшін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешендерін құру қажет. Сонымен қатар, туризм саласын дамытудың негізгі индикаторлары келуші туристердің саны, тәуліктік төсек-орындар саны, сондай-ақ туристік қызметтен түсетін табыс көлемі болып табылады. Сол себепті туризм саласын кластерлік түрде дамытудың негізгі бағыттары ретінде төмендегілерге баса назар аударған дұрыс:

- жаңа демалу нысандарын салу, көлік пен тасымалдау кешенінің қызметін кеңейту, т.б. арқылы инфрақұрылымды дамыту;

- туристік бағыттағы тартымды ел ретінде Қазақстанды үгіттейтін тиімді маркетингтік саясатты жүзеге асыру;

- әкімшілік кедергілерді төмендету, «туристік өнімнің» арзандауына жағдай жасау, турфирмалар үшін салық төлемдерін төмендету;

- қазақстандық туристік ұсыныс пен сұраныс жайлы ақпараттық базаны жеке сектормен ынтымақтастық жасау арқылы кеңейту;

- шетел туристері үшін жеке қауіпсіздік пен беріктілікті қамтамасыз етуде мемлекеттік кепілдікті ұсыну шараларын ұйымдастыру;

- компаниялар кооперациясына жағдай жасау, сол арқылы туризм қызметінің жоғары технологиялық кешенін қалыптастыру және саланың материалдық-техникалық базасын дамыту;

- туристік нысандар құрылысын қаржыландыру. Мемлекеттік деңгейде қойылған ірі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу экономиканы дамытудың әрбір кезеңінде туризм саласындағы индикаторларды арттыру арқылы айқындалады.

### Әдебиеттер

1 2015 жылдың 20 мамырындағы Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» жоспары [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: [http://bnews.kz/100\\_konkretnih\\_shagov/astana](http://bnews.kz/100_konkretnih_shagov/astana)

2 2014 жылы мамыр айында қабылданған № 508 «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы» [Электронды ресурс]. – <http://www.kit.gov.kz/html/proect-konsercia.html>

3 Гельмле А.М. Концепция кластера, как основы обеспечения конкурентноспособности отраслей экономики // Транзитная экономика. - 2008. - №4. - С.5-7.

4 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.stat.gov.kz>.